

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Родников ауылдық округінің әкімінің 2015 жылғы 24 маусымдағы № 4 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 08 шілдеде № 4424 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Родников ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 10 қарашадағы № 9 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Родников ауылдық округі әкімінің 10.11.2016 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7 тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасы ауылшаруашылығы министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Мәртөк аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринарлық-санитарлық инспекторының 2015 жылғы 24 маусымдағы № 11-3/359 ұсынысы негізінде Родников ауылдық округінің әкімі

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ұсақ мүйізді қара малдарының арасында бруцеллез ауруының анықталуына байланысты Мәртөк ауданы Родников ауылдық округі аумағында шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Родников ауылдық округінің әкімі

Т. Рапнева